



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

beldeu-bir-zhol-atty-halykaralyk-yntymaktastyk-forumyna-katysty

5. Бугаенко А. Экономический пояс Шелкового пути: цели и перспективы // Казахстан в глобальных процессах. – 2015. - № 1. – С. 64-73 // <http://iwep.kz/ru/magazine/2015>

6. Всемирный банк // <http://www.worldbank.org>

7. <http://ec.europa.eu/eurostat/>

ӘОЖ 339.92

ҚАЗІРГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ «ЦИФРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН»

Базарбай Әкежан Қайратұлы

Akezhan_8@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі- Б. М. Батишева

XXI ғасыр- дамыған технологиялар және өмір сүру сапасының оңтайланған уақыты. Егер бұрынғы уақытта кітап оқымау артта қалушылықтың белгісі болса, бүгінгі таңда ақпараттардан хабардар болмау артта қалушылықтың белгісіне айналаған. Сәйкесінше, мемлекеттердің де даму жолы осы қағидатқа негізделген, яғни неғұрлым мемлекет соңғы технологияларды иемденсе, соғұрлым мемлекеттің даму көрсеткіші айқындалады. Әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттер дегенде Жапония, АҚШ, Оңтүстік Корея және т.б. мемлекеттер ойымызға келеді, сәйкесінше әлемнің технологиясы ең мықты дамыған мемлекеттер (2017) осы мемлекеттер болып табылады.[3] Сондықтан да елді жаңа технологиялармен жабдықтау, оны дамыту өте маңызды мәселенің бірі болып табылады, әсіресе Қазақстан сияқты дамушы мемлекеттер үшін, өйткені ол көрсеткіштегі алдыңғы орындардан бөлек көптеген пайда әкеледі: халықтың тұрмыс деңгейі жақсарады, дамыған қалалар мен аймақтар туризм саласына, инвесторлар үшін өте тартымды болады, халықаралық аренада мемлекеттің имиджі қалыптасады және т.б. көптеген пайдасын тигізеді. Соған сәйкес елбасымыз Н.Ә. Назарбаев 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан халқына кезекті жолдауында [4] «Цифрлық Қазақстан» жобасын жасауға тапсырған еді. Елбасымыз атап өткендей жаһандық бәсекеге қабілетті болуымыз үшін осы саладан бастауымыз қажет. Елдің технологиялық дамуы жолдаудың негізгі бес басымдылықтардың ішінде алғашқысы болып айтылуы, осыған орай да шығар. Сонымен, «Цифрлық Қазақстан» дегеніміз не? Цифрлық Қазақстан- 2018-2022 жылдар арасындағы мақсаттары орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдаланумен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, оған қоса ұзақ мерзімде Қазақстанның экономикасын толық цифрландыруға өтуге даму жолын қалыптастыру. Ол екі бағыт арқылы жүзеге асырылады:

– «Қазіргі экономиканы цифрландыру»- экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және цифрлық инфрақұрылымды құру болып табылады.

– «Болашақтың цифрлық индустрияны құру»- адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институтын құру және цифрлық экожүйені қалыптастыру.

Осы кең ауқымды перспективадаға сәйкес, бағдарлама 5 ірі салалар арасында жіктеледі:

1. Экономикалық саланы цифрландыру;
2. Цифрлік мемлекетке көшу;
3. Цифрлық Жібек жолын іске асыру;
4. Адами капиталды дамыту;
5. Инновациялық экожүйені құру.

Бұл бағдарламаның елге әкелетін өзгерістері мен Қазақстанның халықаралық аренадағы өзгерістері қандай?

БҰҰ-ның аясында есептелінетін ақпараттық- коммуникация технологияның дамуының негізгі әлемдік рейтингінде- ICT Development Index- Қазақстан 52-шы орынды алған болатын (2017). Бағдарламаны іске асыру мақастаында 2022-ші жылға қарай 30- шы орын, 2025-ші жылға қарай 25-шы орын, ал 2050-ші жылға қарай 15-шы орынға табан тіреу көзделуде.

Қазіргі таңда еліміздің $\frac{3}{4}$ бөлігі интернетке қолжетімді жағдайда. Еліміз де 2013 жылы «Ақпаратты Қазақстан 2020»[2] бағдарламасы цифрландырудың алғашқы қадамы болған болатын. Осы уақытқа дейін жоспарланған іс- шаралардың 70%-ы орындалған болатын және көрсеткіштер қалыпты жағдайдан 40%-ға асып орындалуда.

Бағдарламаны талдамастан бұрын, оның маңыздылығын атап өткен жөн. Бағдарламамен толық танысқаннан кейін түйген нәрсе ол- цифрландыруға күш салу дегеніміз адами капиталдың қарқынды түрде дамиды білімі мен дағдыларын ерте жастан тәрбиелеп, автоматтандыру және басқа да жаңа технологиялар көмегімен бизнес жұмысының тиімділігі артатын, ал азаматтардың өз мемлекетімен арасында диалогы ашық және қарапайым болатын жаңа қоғамды құруға итермелейді. Бұл жағдайлар негізінен түрлі салаларда көптеген инновациялық технологияларды еңгізумен байланысты, өйткені өндіріс тәсілдері өзгерген кезде, адамдарға қойылатын талаптар да заман талабына сай өзгеруде. Ол қандай өзгерістер? Ол: өнеркәсіптік заттар интернеті икемді және тиімді өндірістің мүмкіндіктері, жасанды интелект қаржы қызметінде, медицина саласында сияқты салаларда қолданылуы, 3D принтинг технологиясының авиация, логистика, биомедицина және автомобиль салаларында көптеп қолдануы және бүгінгі таңда көптеген назарға ие блокчейннің жаһандық ақша жүйесіне трансформациялануы. Өзгерістердің қарқыны өсуде және осы өзгерістердің бір бөлігі болу әлі де кеш емес.

Бүгінде ұлттық цифрландыруды әлемнің 15-тен астам мемлекет жүргізуде. Ұлттық экономиканы цифрландыру бойынша Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея және Дания алдыңғы қатарлы елдер болып табылады. Қытайда өзінің «интернет плюс» бағдарламасын дәстүрлімен біріктіреді, Канада Торонтода ақпараттық- коммуникативтік технологиялар хабын жасады, Сингапур «ақылды экономиканы» қалыптастырады, Оңтүстік Корея «креативті экономика» бағдарламасында адами капиталды, кәсіпкерлікті дамытуға және ақпараттық- коммуникативтік технологиялар саласындағы жетістіктерін таратуға бағытталады, ал Дания негізінен мемлекеттік секторды цифрлауға бағытталған. Біріншіден, осы елдердің тәжірибесі біздің елдегі бағдарламаның іске асуына үлкен септігін тигізеді, әсіресе «цифрлық жекешелендіру» жөнінде. Цифрлық жекешелендіру дегеніміз- мемлекет үлкен шығындарға ұшырамау үшін өзінің тендерін жеке кәсіпкерлерге жариялайды. Жеңіп жоспарларды іріктеп алып жеке кәсіпкерлерге өзінің жоспарын толық іске асыруға мүмкіндік береді. Жекешелендірудің бұл түрі өте қолайлы болып табылады және оның дәлелі ретінде Сингапур қала- мемлекетін келтіруге болады. Сингапур 2014 жылы Smart Nation бағдарламасын қабылдап оны іске асыру үшін бизнес пен сарапшылар қауымдастығын ынтымақтасуға шақырды. Smart Nation- мемлекет азаматтарының күнделікті өмірін жақсартуға цифрландыруды еңгізу арқылы өмір сүру сапасын жақсарту бастамасы. Бұндай іс- әрекеттер тек ірі бизнеске ғана емес, оған қоса шағын және орта бизнеске де назар аударады. 2015-2016 жылдары келісімшарттардың жартысынан астамы шағын және орта бизнеске тиесілі болғандығын айта кеткен жөн болады.

Екіншіден, елімізде «цифрлық серпілісті» қамтамасыз ету, яғни қаржыландырудың негізгі, ең перспективті бағыттаытын инвестор рөлін қабылдайды, сонымен қоса, білім беру және кадрларды қайта даярлау сияқты салаларға қаржы жұмсайды. Мысалы үшін, Оңтүстік Кореядағы ең ірі телеком операторының бірі- SKT- жасанды интелект технологияларын және «заттар интернетіне» 4млрд. АҚШ доллларынан астам инвестиция салуға ниет білдіруде. Бұл мақсаттарға жергілікті стартаптарды тарту да жоспарлануда.

Үшіншіден, Қазақстанға дамудың тағы бір жолы- «мемлекеттің өзін- өзі цифрландыру», яғни мемлекет пен мемлекеттік компаниялардың операцияларын цифрландыру. Негізінен бұл процесс елімізде басталып та кетті. Мысалға, egov.kz, банк

операцияларын мобилді қосымшасы арқылы қаржы операцияларын төлеу, Қаз пошта қосымшасы арқылы тауарды алу және т.б. сол сияқты шағын бастамалар. Сонда да барлық мемлекеттік мекемелерді цифрландырудан өткізу қажет. Мысалы, Дания мемлекеттік органдарды цифрландыруды белсенді түрде қолдайды. Қазіргі уақытта ол жердегі әрбір бизнестің жеке кабинеті бар және мемлекетпен тікелей тілдесу жүреді. 2015 жылдан бастап, барлық азаматтар мемлекеттік органдармен тек интернет арқылы тілдесуге міндеттелінді (Данияда халықтың 95%-ы интернетпен қамтамасыз етілген), әр азамат цифрлық паспортқа ие (Digital ID), ал барлық мемлекеттік органдар бір-ақ желімен байланыстырылған. Ал бизнес саласын қарастыратын болсақ, бұл жерде барлық операцияларды орындауға, салықтарды төлеуге және есептерді жіберуге болады. Мұндай жүйе жыл сайын бюджеттің 10-20%-ын үнемдеуге мүмкіндік береді.[1]

Ал енді, әрбір саладағы осы бағдарлама бойынша жаңалықтарды қарастырайық. Ең бірінші экономика салаларының цифрландыруды қарастырайық. Бұл бағытты табысты болуы үшін жоспар бойынша 2025 жылда осындай жетістіктер болуы тиіс:

1. Басым салалардың әрқайсысында еңбек өнімділігінің деңгейін әлемнің алдыңғы 30 елінің деңгейіне дейін көтеру;
2. Басым салалардағы бәсекеге қабілетті экспорттық өндіріс;
3. ҚР-ның компаниялардың капиталдандырудың жаңа деңгейіне көтерілуі;
4. Жергілікті дамыған электронды сауда;
5. Көлеңкелі экономиканың үлесін әлемнің алдыңғы 30 елімен тендес деңгейге дейін төмендету.

Қабылданған бағдарлама негізінен мемлекетіміздің даму қарқынын жеделдетуге, халықаралық аренада еліміздің имиджін қалыптастыруға бағытталған. Төменде көрсетілген 5 саланың әрқайсысы да Қазақстанның халықаралық қатынастарына тигізер әсері бар. Ел экономикасын цифрландыруға: цифрлық технологияларды еңгізу, өнімділікті арттырып, оның халықаралық нарықтағы бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру. Осы мәселелер бойынша Индустрия 4.0 [5] бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады. Цифрландыру онымен қоса, өнімді шығарудағы шығындарды азайту, жұмыскерлер жұмысын оңтайландыру, мүмкін болған жағдайларда, көптеген ауыр жұмысты қажет ететін салаларды роботтандыру, цифрлық және виртуалды инжиниринг, бақылаудың жаңа түрлерін еңгізу және т. б. көптеген өзгертулер жоспар бойынша бекітілген болатын. Осы айтылған жаңартулардың барлығы алғашқы 3 мәселеге сай жаңалықтар.

Электрондық саудаға келетін болсақ бұл жерде халықаралық тәжірибені ескере отырып, электрондық төлемдерді қабылдау, жүзеге асырудың механизмін қалыптастыру және дәстүрлі қолма-қол ақша айырбасының орнына ақшасыз төлемдерді еңгізу. Ол өз кезегінде мемлекетке салықтарды жинау жұмыстарын жеңілдетеді, мемлекеттік құрылымның неғұрлым жеңілдетілген болса, соғұрлым шетелдік инвесторларға тартымдылығы арта түседі және т. б. Қазіргі таңда талдау жасайтын болсақ онда, «Қазақстан интернет бизнесі мен мобилді коммерция қауымдастығының» директоры Константин Горожакиннің мәлісiмдемесi бойынша:

– *30 секунд iшiнде әлем бойынша интернет арқылы 1,2 млрд. Долларға сауда жасалады.... Ал Қазақстанда 30 секунд iшiнде 2,7 долларға ғана сауда жасалады.*

дейдi. Бұл саланы дамытудың негiзгi түпкi берер жемiсi- елiмiздегi «көлеңкелi экономиканың» мөлшерiн қатты азайтады. Барлығы ашық, қарапайым және үлкен бақылаудың астында болады.

Цифрлық мемлекетке көшу

Цифрлық мемлекетке көшкен кезде ол бiден бизнес саласына тiкелей өз әсерiн тигiзедi. Провайдер өз тұтынушысы жайлы көп ақпарат бiлсе, оған ұсынатын қызметтердiң де саны арта түседi. Яғни мемлекет азаматтардың қажеттiлiктерiн түсiнiп, мекемелерге олардың баруы қажеттiлiгiнсiз мемлекеттiк қызметтер көрсету үшiн олармен байланысатын, басқарудың моделi iске асырылатын болады. Бұл ретте, кез келген уақытта, кез келген орында және кез келген құрылғыда (байланыс орталығы, веб-портал, зияткерлiк

мессенджерлер, мобильді қосымшалар, SMS-хабарламалар) ақпарат пен қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірыңғай «фронт-офисті» құру жолымен үкіметтің халықпен жақындасу үдерісіне жол салу. Негізінен бұл жоспардың жасалуы мемлекеттегі қағаз айналымынан ауытқып толықтай электронды түрге айналдыру.

Цифрлық Жібек жолын іске асыру

Бұл жерде да ұзақ мерзімді қорытындылар аталып көрсетілген:

1. Қазақстан халқын бәрін сапалы 4G-мобильді байланыспен қамту;
2. Жеке тұлғалар мен компаниялардың деректерді берудің жаһандық желілеріне мүлтіксіз, жаппай қол жеткізу;
3. Тұтастай, мемлекет деңгейінде және жеке алғанда әрбір пайдаланушы деңгейінде құзыретті кадрлар мен заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілген жұмыс жасайтын және дамитын киберқауіпсіздік жүйесі.

Қазақстанның Қытаймен жасаған мега- жоба- Жібек жолы қарсанында мемлекеттің киберқауіпсіздіген жақсарту, ғарышқа жаңа қазақстандық спутниктерді жіберіп Қазақстанның барлық өңірін сапалы 4G мобилді интернетімен қамтамасыз ету. «KazSat» ғарыштық байланыс жүйесі қамтамасыз етеді. «KazSat-2» аппаратын пайдалану мерзімі 2023 жылы өтетіндіктен, осы мерзімге қарай «KazSat-2R» ғарыштық байланыс жүйесін пайдалануға енгізу жөніндегі жұмыстар аяқталатын болады.

Адами капиталды дамыту

Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін білім беру жүйесіне ең үздік әлемдік тәжірибилерге сүйене отырып толығымен жаңартылатын болады. Мысалы үшін 2-ші сыныптан бастап «Бағдарламалау негіздері» пәні қадам бойынша енгізілетін болады. Сондай-ақ, 5-11 сыныптардың бағдарламалары, ең алдымен STEM-элементтердің (робототехника, виртуалды шындық, 3D-принтинг және басқалары) қосылуын ескере отырып, бағдарламалау тілдерін қайта қарау бөлігінде өзектендірілетін болады. Орта, техникалық және кәсіптік, жоғарғы білім беруде цифрлық сауаттылықты арттыру. Оқу орындарда зертханаларды көбейтіп, жас ұрапаққа практикалық білімді көптеп беруге жол ашу.

Инновациялық экожүйені қалыптастыру

2022 жылға қарай бұл бағытты табысты іске асуы мынаны білдіреді:

1. Қазақстанда бастамашылық жасалған технологиялық-стартап жобалар санын және олардың капиталдандыру жиынтығын көбейту;
2. Қазақстанда жылдам өсетін экожүйе қажеттіліктерін қамтамасыз ететін венчурлік капиталдың жеке меншік кәсіби саласының болуы;
3. Қазақстандық стартаптардың халықаралық аренадағы қатысуына ынталандыру.

Бұл бағдарлама негізінде шетелдік мамандарды Қазақстанға тарту жөніндегі жағдайларды жасау жатыр. Жергілікті стартаптардың халықаралық аренадағы экожүйелік жобаларға ат салысуға, стартаптардың мүмкіндіктерін арттыру, инновацияға деген сұранысты қалыптастыру. Сондай-ақ ірі компаниялардың инновациялық қызметін қолдауға және танымал етуге ерекше назар аударылатын болады. Бұл үшін инновациялық процесте мемлекет ірі жеке және ұлттық компанияларды тартады:

1. Ірі компаниялардың айналасында инновациялық экожүйелерді құру үшін инновациялық жобаларды («коллаборативтік инновациялар») іске асыруға стартаптармен байланыс орнатуда жәрдемдесу.
2. Бейінді қызметте цифрлық технологияларды енгізу үшін ынталандырма құру.

Мақаламды қорытындыла келе «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының елімізге пайдасынан басқа тигізетін зияны жоқ дегім келеді және де еліміздің халықаралық аренадағы орнын айтарлықтай өзгертеді. Бағдарламаны еліміздің Премьер- Министрі Бақытжан Сағынтаев мырзаның бастауымен жасалған болатын және оның айтуы бойынша, бұл жобаның экономикалық тиімділігі 2,2 трлн тенгені құрайды. Және де менің ойымша, қазақ әліпбиінің латынға көшуі тікелей осы мәселеге байланысты, өйткені латын әліпбиінің техникалық алғышарттары жаңа деңгейлі технологияларға енгізу өте ыңғайлы болып келеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://mic.gov.kz/kk/pages/cifryk-kazakstan-memlekettik-bagdarlamasy>
2. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000464>
3. <https://tim4ous.com/10-samyih-tehnologicheski-razvityih-stran-mira/>
4. http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-nnazarbaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-2017-zhylgy-31-kantar
5. <http://www.dalanews.kz/32669>

ӘОЖ 00327.32.019.5

АРАБ КӨКТЕМІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ СОҒЫСТЫҢ РӨЛІ

Байкенжеев Муслим Даудович

muslim.b94@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультетінің магистранты

Ғылыми жетекші - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ доценті, т.ғ.к. А.А.Турунтаева

Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына және жаһандық әлеуметтік желілердің кең қолданылуына байланысты әлем үлкен өзгерістерді өткізуде. Қоғамның ақпараттандырылу үдерістері биліктің құрылымы мен технологияларын өзгертіп, ықпал ету тетіктерін ақпарат көздері мен ағындарын басқарушылардың пайдасына шешуде. Ақпарат мәселесі қазіргі халықаралық қатынастарда басым рөлге ие болуда, сол себепті ақпарат мәселесін әлемдегі әлеуметтік өзгерістерді анықтайтын факторлар қатарына қосуға болады. Саясаткерлер мен халықаралық ұйымдармен басқарылатын ақпараттық қоғамның мүмкіндіктері үнемі дәл болжам жасауға келмейді. Осыған байланысты интернет кеңістік халықаралық қатынастарда негізгі акторға айналуға, сонымен қатар ақпараттық тұрғыда қоғам тұрақтығын жоғалтады. Қазіргі таңда белгілі бір мемлекет қоғамының көзқарасын өзгертумен шектелмей мемлекеттік төңкеріс ұйымдастыруға болады. Оның үстіне ұйымдастырушының тікелей қатысуы міндетті емес, мемлекеттік төңкерістер қазіргі кезде әлеуметтік желілерде ақпарат тарату мезанизмдері арқылы қашықтықта іске асырылады. Әлеуметтік желілер саяси дағдарыс кездерінде қоғам санасына елеулі әсер етеді, әсіресе соның ішінде «Араб көктемін» атап өткен жөн. Араб көктемінде көтерілісшілер өз жақтастарын тарту мақсатында мобильді телефондар мен жаңа интернет бағдарламалық кеңінен қолданды.

Көтерілістердің басталуына араб әлеміндегі көптеген саяси-әлеуметтік мәселелердің шешілмеуі түрткі болды. Атап айтсақ, жұмыссыздық, өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жастардың болашағы болмауы, биліктің тоқырауы, коррупция, демократиялық құндылықтардың тапталуы мәселелері.

Насихат, психологиялық соғыс шиеленістерде маңызды рөлге ие. Осы орайда Араб көктемінің басталуына спутниктік телевидение өз үлесін қосты. Араб халқы телебағдарламалар арқылы өз санасына батыс мемлекеттерінің салтанатты өмір салты түсініктерін сіңдіре бастады. Миллиондаған араб жастары өз өмір деңгейлерін батыс өмірімен салыстырып, көкейлеріндегі көптеген сұрақтарға жауап іздеді. Осы орайда көтерілісшілерге оң көзқарас тудырып, өз хабарын ағылшын және араб тілдерінде таратқан Аль-Джазира телеарнасының рөлі өте жоғары болды. Аль-Джазира араб әлемінде де, батыс әлемінде де Араб көктемі жайлы басты ақпарат көзіне айналды. Телевидениенің нәтижелілігі оның кең таралуымен, аудитория санасына бейнелерді мәжбүрлі түрде сіңдіріп, сан алуан ақпарат ағындарының астында адамға ақпаратты талдауға мүмкіндік бермеуімен сипатталады. Осыған байланысты Бамберг университетінің профессоры А.Юнгердің келесідей ойымен келісуге болады: «әлеуметтік желілер халықты көтеріліске жұмылдырып көшеге шығарса, ал революцияның негізгі қозғаушы күші ретінде спутниктік